

**El-Farabi Kazak Milli Üniversitesi**  
**Felsefe Doktoru (Doktora) unvanını almaya hazırlanan Taubaldiev Meirambek**  
**Yerlanuly'nın "8D02303- Dilbilim" uzmanlığı alanında Tez Kurulu'na sunduğu**  
**"Televizyon Gazeteciliği Terminolojisinin Birleştirilmesi" konulu tezi için**  
**yabancı bilimsel danışmanın**

**FİKRİ**

Kelime dağarcığının (kelime bilgisi) dil sisteminin sürekli gelişen, değişen bir parçası olduğu bilinmektedir. Özellikle bilgi teknolojilerinin hızla geliştiği bir dönemde, değişim ve ekleme sürecine sahne olan 21. yüzyılda, sözlüğün bir parçası olan yeni adlar ve sözcük kullanımları, ana dilimize aktif olarak girmekte, kelimenin sınırlarını genişletmekte ve terim oluşumunun, inanılmaz bir hızla ivme kazanmasını sağlamaktadır. Çağın ihtiyaçlarından doğan terimler ve günümüzün ihtiyaçlarından oluşan özel kelimelerin ortaya çıkmasıyla birlikte sürekli iyileştirme gerektiren alanda terminoloji önemli bir yer tutar.

21. yüzyıl bilim, bilgi ve enformasyon çağı olduğuna göre ileri teknolojinin sürekli gelişmesinin, bilimsel ve teknik ilerlemenin sonuçlarının her ülkenin terminoloji sistemine yeni kavramlar ve yeni anlamlar kazandırdığını inkar edemeyiz. Şu anda hem uzmanların hem de genel kamuoyunun medya aracılığıyla yeni dil ifadeleri, yeni kelimeler ve terimler öğrendiği doğrudur. Kitle iletişim araçlarının, özellikle de televizyon gazeteciliğinin ulusal kültüründe, insanların zihninde, düşünce sistemi üzerinde özel bir etkisi vardır.

Taubaldiev Meirambek Yerlanuly, "Televizyon gazeteciliğinin terminolojik sisteminin birleştirilmesi" başlıklı bilimsel araştırma çalışmasında, televizyon gazeteciliği alanının terminolojik sistemini dilsel açıdan kapsamlı bir şekilde incelemiş, dilsel doğasını ortaya çıkarmış, ana terminolojik birimler ve stoklar belirlemiş, yöntemler ve terminolojileri belirlemiş, çeşitleri ve modelleri belirlemiş, gelişim ve oluşum kanunlarını ispatlamıştır. Dilin zenginleştirilmesinde terminolojik sistemin temel işlevine öncelik verilerek dilsel temeli gösterilmiştir.

Genel olarak M.E. Taubaldiev'in bilimsel çalışmasının sonuçları ciddi görüş ve sonuçlara sahiptir. Çalışmada kullanılan çeşitli bilimsel literatür ve kaynaklar ve alıntılar uygun şekilde kullanılmıştır. Giriş bölümündeki çalışmanın amacı, görevleri ve sonuçları ana bölümle ilişkilendirilmiştir. Yani, önlerine konulan görevlerin yerine getirildiğine ve hedeflerine ulaşıldığına inanıyoruz. Ayrıca öğrencinin kendi düşünce ve görüşleri de açık bir şekilde kendine yer bulmuştur. Doktora öğrencisinin araştırma çalışmasına tamamen kendi başına hakim oldu ve araştırmayı ilgiyle yürüttü. Araştırma konusu karmaşık olsa da araştırmacının bu sorunu tam anlamıyla yerine getirdiği söylenebilir.

Araştırma sonuçlarına göre Kazak dilinde televizyon gazeteciliği alanının çevrimiçi sözlüğü hayata geçirilmiş olup, endüstri yönlendirme elektronik sözlüğü şüphesiz internet alanında Kazak dilinde kaliteli ve yetkin içerik oluşturulmasına katkı sağlayacaktır. Televizyon gazeteciliği terimleri ilk kez ayıklanıp bilimsel olarak analiz edildi. 20. yüzyılın ikinci yarısından itibaren sürekli gelişme gösteren

televizyon alanıyla ilgili sözlük ve ders kitaplarında yer alan terimlerin detaylı anlatımına yer verilmiştir.

Ayrıca tez çalışmasında televizyon gazeteciliği terimlerinin kelime oluşumu ve yapısal sistemi tanımlanmıştır. Sözlüksel-anlamsal, morfolojik-sentetik ve sözdizimsel-analitik yaklaşımlara dayalı olarak oluşturulan terimler, alanında uzman kişilerin katılımıyla yapılan bir ankete dayalı olarak analiz edilmiş ve formüle edilmiştir. Sabit terimler sözlüğü ile yaratıcı çalışma sürecinde kullanılan terimlerin ayrıştırıldığı, deneyime dayalı niteliksel ve niceliksel bir analizin yapıldığı görülmektedir.

Öğrenci, doktora çalışmalarında yerli bilim adamlarının yanı sıra yabancı araştırmacıların eserlerini de kullanarak araştırma çalışmalarını takip edebildi. Araştırma çalışmasının bölümleri arasındaki mantıksal bağlantılar korunmaktadır. M.E. Taubaldiev'in dili akıcıdır, üslup ve yazım hataları yoktur, bilimsel bir üslup geliştirmiştir.

Taubaldiev Meirambek Yerlanuly, eserin yazılması sırasında yüksek teorik eğitime sahip, konuya hâkim ve büyük sorumluluk sahibi bir uzman olarak kendini göstermeyi başardı. Dil birimlerinin toplanması ve sınıflandırılması konusunda büyük bir titizlik göstermekte, doğru verilere dayanan üst düzey teorik ve pratik araştırmalar yürütmektedir. Tez çalışmasının içeriği ve yapısı, araştırma sonuçları ve çıkarımlar tezin gereklerine uygun olarak yazılmıştır.

Doktora öğrencisi M.E. Taubaldiev'in doktora tezinin televizyon gazeteciliği alanındaki ilk kapsamlı çalışma olduğuna inanıyoruz. Bununla beraber oldukça yeni bir çalışmadır. Dolayısıyla tüm bunları göz önünde bulundurarak araştırmacı M.E. Taubaldiev'in "8D02303- Dilbilim" uzmanlığında Felsefe Doktoru (PhD) derecesi için hazırladığı tezin tamamen tamamlanmış bağımsız bir araştırma çalışması olarak değerlendirilip savunmaya sunulabileceği kanaatindeyiz.

Yurtdışı danışmanı



Prof. Dr. SEMA ASLAN DEMİR

**HACETTEPE ÜNİVERSİTESİ**  
Çağdaş Türk Lehçeleri  
ve Edebiyatları Bölümü  
Beytepe/ANKARA

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**  
**«8D02303– Лингвистика» мамандығы бойынша диссертациялық кеңесіне**  
**ұсынылған философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін**  
**дайындалған Таубалдиев Мейрамбек Ерланұлының «Телевизиялық**  
**журналистика терминжүйесін біріздендіру» атты диссертациясына**  
**шетелдік ғылыми кеңесшінің**

**ШҚІРІ**

Тілдік жүйенің ұдайы даму үстінде болатын, өзгермелі бөлігі лексика екені белгілі. Әсіресе ақпараттық-технологиялар қарыштап дамыған кезеңде, өзгерістер мен толықтырулар үдерісінің куәсі болған ХХІ ғасырда лексиканың бір тармағы саналатын жаңа атаулар, сөз қолданыстары ана тілімізге белсенді түрде еніп, сөзжасам, терминжасам шекарасын кеңейтіп, көз ілеспес жылдамдықпен қарқын алуына түрткі болып отыр. Заман талабынан туындайтын терминдер мен уақыт сұранысынан қалыптасатын арнаулы сөздер пайда болған сайын, үнемі жетілдіріп отыруды міндеттейтін саланың бірегейі – терминология.

ХХІ ғасыр ғылым-білім, ақпарат заманы болғандықтан, озық технология мен ғылыми-техникалық прогресс нәтижелерінің үздіксіз дамуы сәт сайын әр елдің терминология жүйесіне жаңа түсініктерді, жаңа ұғымдарды енгізіп жатқанын жоққа шығара алмаймыз. Қазіргі уақытта мамандар да, көпшілік қауым да жаңадан қолданысқа енген тілдік оралымдар, жаңа сөздер мен термин сөздерді ақпарат құралдары арқылы біліп жататыны рас. Бұқаралық ақпарат құралдарының, әсіресе телевизиялық журналистика саласы ұлт мәдениетіне, халықтың санасына, ойлау жүйесіне ерекше әсер етеді.

Таубалдиев Мейрамбек Ерланұлының «Телевизиялық журналистика терминжүйесін біріздендіру» атты ғылыми-зерттеу жұмысында телевизиялық журналистика саласының терминологиялық жүйесі лингвистикалық аспектіде кешенді түрде зерттеліп, оның тілдік табиғаты ашылып, негізгі терминологиялық бірліктері мен қоры анықталған, терминжасам жолдары белгіленіп, түрлері мен үлгілері айқындалған, даму, қалыптасу заңдылықтары дәлелденеді. Терминологиялық жүйенің тілді байытудағы атқаратын негізгі қызметіне басымдық беріп, оның тілдік негізі көрсетіледі.

Жалпы М.Е.Таубалдиевтің ғылыми жұмысының нәтижелері салмақты көзқарастар мен тұжырымдарға ие. Жұмыста қолданыс тапқан ғылыми әдебиеттер мен дереккөздерінің сан алуандығы мен дәйексөздерді орынды пайдаланады. Кіріспе бөліміндегі жұмыстың мақсаты мен міндеттері және тұжырымдары негізгі бөліммен байланысқан. Яғни, алға қойылған міндеттері орындалып, өз мақсатына жете білді деп есептейміз. Сондай-ақ, ізденушінің өзіндік ой-пікірлері мен көзқарастары айшықты орын тапқан. Докторант өз бетімен зерттеу жұмысын толық игеріп, қызығушылықпен зерттеу жүргізген. Зерттеу тақырыбы күрделі болғанымен де, ізденуші бұл мәселені толығымен орындап шықты деуге болады.

Зерттеудің нәтижелері негізінде қазақ тіліндегі телевизиялық журналистика саласының онлайн сөздігі жүзеге асырылған, салалық бағыттағы электрондық сөздік интернет кеңістіктегі қазақ тіліндегі сапалы әрі сауатты контент жасауға зор септігін тигізетіні сөзсіз. Телевизиялық журналистика терминдері сұрыпталып, бірінші рет ғылыми тұрғыдан талдау жасалынған. ХХ ғасырдың екінші жартысынан бері үздіксіз дамып келе жатқан телевизия саласына қатысты шыққан сөздіктер мен оқулықтардағы терминдерге толық сипаттама берілген.

Сондай-ақ диссертация жұмысында телевизиялық журналистика терминдерінің сөзжасамдық және құрылымдық жүйесі анықталған. Лексика-семантикалық, морфология-синтетикалық және синтаксистік-аналитикалық тәсілдер негізінде жасалған терминдер арнайы сала мамандарының қатысуымен сауалнама негізінде талданып, тұжырымдалған. Бекітілген терминдер сөздігі мен шығармашылық жұмыс үдерісі кезінде қолданылатын терминдердің аражігі ажыратылып, тәжірибе негізінде сапалық әрі сандық талдау жүргізілгені көрінеді.

Докторант жұмысында отандық ғалымдармен қатар, шетелдік зерттеушілердің еңбектерін пайдалана отырып, өз зерттеу жұмысын дәйектей алған. Зерттеу жұмысының бөлімдері арасындағы логикалық байланыс сақталған. М.Е.Таубалдиевтің тілі жатық, стильдік, орфографиялық қателер кездеспейді, ғылыми стилі қалыптасқан.

Жұмысты жазу барысында Таубалдиев Мейрамбек Ерланұлы теориялық дайындығы жоғары, тақырыпты жетік меңгерген, жауапкершілігі мол маман ретінде өзін көрсете білді. Тілдік бірліктерді жинақтап, сұрыптауда да айрықша ыждағаттылық танытып, дәйегі мол, нақты деректерге негізделген жоғары деңгейдегі теориялық-практикалық құндылығы зор зерттеу жұмысын жүзеге асырып отыр. Диссертация жұмысының мазмұны мен құрылымы, зерттеу нәтижелері мен тұжырымдары диссертация талаптарына сай жазылған.

Докторант М.Е.Таубалдиевтің ғылыми докторлық диссертациясы телевизиялық журналистика саласындағы алғашқы кешенді зерттеуге жататындықтан, өзектілігінің мәні зор деп есептейміз. Сондықтан да осыларды ескере келе, ізденуші М.Е.Таубалдиевтің «8D02303– Лингвистика» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысын толық аяқталған дербес зерттеу жұмысы деп бағалап, қорғауға ұсынуға болады деп санаймыз.

**Шетелдік ғылыми жетекші:**

**PhD, профессор**

**/қолы бар/**

**Сема Аслан**

**Демир**